



Облыс атауы: Астана қаласы

Сот атауы: Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты (Кассациялық
саты)

Жіберуші: ЕСБЕРГЕНОВ РАУАН
КАМАЛАДИНОВИЧ

ХАТ

Құрметті Асламбек Амангелдіұлы!

Қызылорда облысында керемет сот апай бар. Оның сот жүргізу мәдениеті мен әдептілігі үлгілі. Құқық нормаларының мәнін түсініп, қолдануы ерекше. Дауға төрелік етуінен парасаттылық пен білімдіктің биігі сезіледі.

Бұл кісінің шешімін алғаш оқығанымда тәнті болып, ерекше күйде болғанмын. Сот шешімін дайындаудың заңда көзделген талабына толық сәйкес. Сот шешімі осылай болу керек деп азамматтық заңнаманың өзі мейірленеді.

Сот шешімін жазу кезіндегі сөз-саптауы тиянақты. Ойларды нақты сомдап жеткізген. Уәждеуге келгенде қорытындылары кемеліне жетіп, шегеленеді. Сөйлемдерде нақты ұғымдарды қолданып, жеңіл жеткізеді. Мұндай қабілетпен ой жеткізу мәселенің түбірінен түсінгенін көрсетеді.

Айтып отырған сот апайымның есімі - Оспанова Жанат Ануаровна.

Соттарды қаралайтындар жеткілікті. Жамандықты көрсек жамырап шығамыз. Ол туралы мәлімдеуге, айтуға ерінбейміз.

Ал жақсылықты айтуға келгенде мылқауымыз. Жалқауымыз.

Біздің әлемді жамандықтар емес жақсартатын, ізгі амалдар ғой.

Біздің сот саламызда Жанат апайдай адамның болуы жүрегімді жылытады.

Алла Жанат апамызға разы болсын!

Осылай ризашылығымды білдіруге көптен оқталып жүрсем де сәті түспей жүрген.

Бүгін бәрін ысырып, осы хатымды жазып, алғысымды білдіріп отырмын!

Жанат апайға РАХМЕТ!

Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. Сотқа разылық хат - Жанат апай.pdf

ЕСБЕРГЕНОВ РАУАН КАМАЛАДИНОВИЧ қол қойды

